

"Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын тағайындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 11 тамыз 1992 ж. N 666. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.07. N 983 қаулысымен.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына өз қызметімен елеулі үлес қосып жүрген жас дарындар мен шығармашыл және ғылымдағы талантты жастардың, өндіріс пен басқа да салалар өкілдерінің сіңірген ерекше еңбегін бағалау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы тағайындалсын.

2. "Дарын" Мемлекеттік сыйлығы туралы және оны беру жөніндегі Комитет туралы ережелер бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік бюджетте ақшалай сыйлықты төлеуге қажетті қаржы бөлуді көздесін.

4. "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комитеттің адам құрамы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 11 тамыздағы
N 666 қаулысымен
Бекітілген

"Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы туралы
Е Р Е Ж Е

1. "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы (бұдан былай "Дарын" сыйлығы делінеді) шығармашылықтағы, ғылымдағы, өндірістегі және еңбек қызметінің басқа да салаларындағы елеулі еңбегі үшін, материалдық және рухани мәдениетті жасағаны және ұлғайтқаны үшін, республикамыздың әлеуметтік-экономикалық базасын нығайту ісіне қосқан үлесі үшін 30-ға толмаған жас адамдарға беріледі.

2. "Дарын" сыйлығы 2 жылда бір рет 5 сыйлық мөлшерінде беріледі. Сыйлықтың мөлшері - әрқайсысы 40 мың сомнан.

Жеке адамдарға немесе заңды ұйымдарға "Дарын" сыйлығы екі рет берілмейді.

3. "Дарын" сыйлығына жұмыстарды министрліктер, ведомстволар, шығармашылық одақтар, ғылыми мекемелер, еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдар, газет және журнал редакциялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасына елеулі еңбек сіңірген жеке адамдар ұсынады.

4. "Дарын" сыйлығына қызметі қоғамда танылған әрі әлеуметтік-қоғамдық маңызға ие болған жекелеген шығармашылық және еңбек ұжымдары, адамдар ұсынылады.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына аса зор еңбек сіңірген Қазақстанның азаматтары емес адамдар да үміткер бола алады.

5. "Дарын" сыйлығына ұсынылған жұмыстарды конкурс шарттары баспасөз бетінде жарияланғаннан кейін "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комитет жыл сайын 1 қыркүйекке дейін қабылдайды. Үміткер жөнінде:

ұсыныс - кепілдеме;

ұсынып отырған ұйымның немесе жеке адамдардың шешімі.

жеке басының парағы, 4x6 көлемді 2 фотосурет табыс етіледі.

"Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комитет үміткердің өндірістік, шығармашылық қызметін сипаттайтын басқа да материалдарды қосымша сұратып алуы мүмкін.

6. Қоғамдық пікірді кеңінен зерделеу мақсатында "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комитет қарауға қабылдап алған жұмыстардың тізімі авторлары мен оларды ұсынған ұйымдар көрсетіліп, жұмыстар қабылданып болғаннан кейін баспасөз бетінде жарияланады. Әрбір жұмыс сарапшылық бағалаудан өткізіледі. Жұмысты бағалағанда қоғамдық пікір, баспасөз беттеріндегі рецензиялар, шығармашылық одақтардың, көркем және редакциялық-баспа кеңестерінің, еңбек ұжымдарының және қоғамдық ұйымдарының пікірлері ескеріледі. Неғұрлым лайықты жұмыстар талқыланып, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беруге ұсынылады.

Кино, телефильмдер бағдарламаларын көрсетуді, бейнелеу өнерінің көрмелерін, спектакльдер көрсетуді, концерттер тыңдауды ұйымдастыру, сонымен бірге басқа жұмыстарға сарапшылық баға беру "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комитетке жүктеледі.

7. "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру туралы шешім Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комитеттің мәжілісінде жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру туралы Комитеттің шешімі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне сыйлық берілетін жылы 1 желтоқсанға дейін тапсырылады.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру туралы қаулысы жыл сайын Қазақстан Республикасы Күніне орай баспасөзде жарияланады.

9. "Дарын" сыйлығына ие болған адамдарға "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты" атағы беріледі, куәлігі, кеудеге тағатын белгісі және ақшалай сыйлық тапсырылады.

10. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын авторлардың немесе орындаушылардың ұжымына бергенде ақшалай сыйлық олардың арасында тең бөлінеді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 11 тамыздағы
N 666 қаулысымен
Бекітілген

"Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы
жөніндегі комитет туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі комитеті (бұдан былай Комитет делінеді

) мемлекеттік-қоғамдық ұйым болып табылады, ол шығармашылық одақтардың, ғылыми және мәдени мекемелердің, еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдардың ұсыныстары ескеріле отырып, әдебиет пен өнердің неғұрлым дарынды шеберлерінен, жетекші ғалымдардан, өндірістік және техникалық интеллигенция өкілдерінен 3 жыл мерзімге құрылады.

Комитеттің сандық құрамы 25 адамнан аспауға тиіс.

2. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес: сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды қабылдайды, құжаттар негізінде ұсыну тәртібінің дәл сақталуын белгілейді, жұмыстардың авторлары мен ұсынған ұйымдар көрсетілген тізімді баспасөзде жариялайды;

конкурса қатыстыру үшін неғұрлым лайықты жұмыстарды іріктеп алып, б а с п а с ө з д е ж а р и я л а й д ы ;

жіберілген жұмыстарды кеңінен талқылау негізінде қарап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы лауреаттары атағын беру туралы шешім қабылдайды.

3 . К о м и т е т т і ң :

келіп түскен жұмыстар мен материалдарды алдын-ала қарау үшін секциялар мен сараптау комиссияларын құруға;

комиссия мүшелері мен сарапшыларды жұмыспен танысу үшін жер-жерге ж і б е р у г е ;

жұмыстарды қаратып алу үшін шығармашылық одақтарға Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы құрылымының мекемелеріне, мәдениет және білім беру мекемелеріне, сондай-ақ жетекші мамандарға өтініш жасауға хұқы бар .

4. Комитет мәжілісі оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқанда өкілетті деп саналады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру туралы Комитеттің шешімін Комитет жасырын дауыс беру арқылы қатысушылар санының (кемінде төрттен үшіннің) дауысы артық болған жағдайда қабылдайды.

5. "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын алуға Комитет мүшесінің жұмысы ұсынылып отырған жағдайда, оның авторы сол жылдың сыйлықтарын алуға ұсынылған шығармаларды қарайтын Комитеттің секциялары мен мәжілістерінің жұмысына қ а т ы с п а й т ы н б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 11 тамыздағы

№ 666 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің "Дарын" Мемлекеттік жастар
сыйлығын беру жөніндегі комитеттің
Қ Ұ Р А М Ы

Жүкеев Т.Т. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
орынбасары (төраға)

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасының Жастар істері
жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы
(төрағаның орынбасары)

Бекмахамбетов А.Қ. - Қазақстан Республикасының Жастар істері
жөніндегі мемлекеттік комитеттің мәдениет
және білім бөлімінің бастығы (жауапты хатшы)

Ғылым, білім, спорт пен техника секциясы

Әубәкіров Т.О. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің
бірінші орынбасары, ұшқыш-ғарышкер

Ахметов Ә.Қ. - Алматы шетел тілдері институтының ректоры,
филология ғылымының кандидаты

Бәйменов Ә.М. - Жезқазған облысы әкімінің орынбасары, техника
ғылымының кандидаты

Досымбетов Т.Қ. - Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитетінің
вице-президенті

Жұмаділдаев А.С. - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының
теориялық және қолданбалы математика институты
лабораториясының меңгерушісі, физика-математика

ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ

- Зайцева А.М. - АММК акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы
Кузнецов А.Ю. - "Контакт" ғылыми-техникалық жастар орталығының
директоры, философия ғылымының кандидаты
Орынбеков М.С. - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының
философия және хұқық институты бөлімінің
меңгерушісі, философия ғылымының докторы
Уваров В.Н. - ҚазДМИ-дің кафедра меңгерушісі, заң ғылымының
докторы
Халманов К. - ҚарПТИ-дің кафедра профессоры, техника
ғылымының докторы
Шабельников В.К. - Абай атындағы ҚазМПУ-дың кафедра меңгерушісі,
психология ғылымының докторы

Мәдениет, әдебиет, сәулет және өнер секциясы

- Бейсенбаев Ж. - журналист, "Ана тілі" газетінің бас редакторы
Долматова Н.В. - М. Ю. Лермонтов атындағы республикалық
академиялық орыс драма театрының актрисасы
Жолжақсынов Д. - актер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
артисті, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының
лауреаты
Исабеков Д. - жазушы, Қазақ теледидарының бас директоры
Қасейінов Д.К. - Алматы мемлекеттік консерваториясының ректоры,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері
Монтахаев Қ. - сәулетші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты
Серікқалиев З. - әдебиет сыншысы
Теменов Т. - кинорежиссер, Қазақстан кинематографистер
одағының хатшысы
Төлепбаев Е.Т. - кескінші, Қазақстан Республикасының еңбек
сіңірген өнер қайраткері
Омаров Н.С. - Қазақстан Жастар одағының бірінші хатшысы
Шаханов М. - ақын, Қазақстан Республикасының халық депутаты,
"Жалын" журналының бас редакторы

Ескерту. Комитеттің құрамына өзгеріс енгізілді - ҚРКМ-нің
16.05.1994 ж. N 525 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК